

**6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 Усенова Малика Эрмухамматовнаның
 «Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған
 бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту»
 тақырыбында жазылған диссертациясы бойынша тағайындалған
 ресми рецензент
 Дузелбаева Айтолкын Болатовнаның жазбаша пікірі**

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Ізденушінің «Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының негізгі идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 14 ақпандағы «Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуде мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау туралы» ҚР Заңындағы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген негізгі міндеттерді іске асыруға сәйкес келеді, бұл зерттеу мәселесінің өзектілігін көрсетеді. Ізденушінің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына <u>сәйкес</u> дайындалған.

2.	Ғылымға маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-тәжірибелік нәтижелері арнайы білім беру саласына өз <u>үлесін қосады</u> және теориялық тұрғыдан <u>маңызды</u> болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	3.1. Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) <u>орташа</u> ; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	М.Э. Усенова Диссертациялық зерттеу жұмысын дайындағанда <u>өзі жазу деңгейі орташа</u> . Зерттеушінің ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасаған жан-жақты талдауы мен өзіндік тұжырымдардың жасалуы; диссертацияның мазмұнының баяндалуындағы бірізділік, әзірлеген бағдарлама негізінде арнайы педагогтерге ұсынған ұсынымдарды белгілеуге болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	М.Э. Усенованың зерттеу жұмысының өзектілігі <u>негізделген</u> .
		4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияны оқып талдау барысында, мазмұны диссертация тақырыбының <u>айқындалғандығы</u> байқалады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері ізденушінің диссертация тақырыбына <u>сәйкес келеді</u> .
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:	Докторанттың зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады. Диссертацияның

		<p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда <u>толық байланысқан</u> .
		<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Ізденуші ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Докторант зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді <u>сыни талдай алған</u>. Ізденушінің жұмыстағы келтіретін ой-пікірлері мен тұжырымдарға баға бере алуы, оларға өзіндік түйіндеме жасай білуі, салыстыру негізінде сыни бағалай алуы зерттеуші ретінде өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын байқатады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <u>жартылай жаңа болып</u> табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда <u>толығымен жаңа</u> ауқымды дәлелдемелер негізделген және тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелденген. Ұсынылған зерттеу нәтижелері заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенді тұлғасын дамытудың ғылыми-практикалық моделінің әзірленіп тәжірибе жүзінде сыналып, нәтижесі диссертация жұмысында көрсетілген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық,</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың шешімдері заманауи технологияларға негізделген.</p>

		экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар оқу үрдісіне ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, әзірлеген бағдарлама аясында берілген ұсынымдарды айтуға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> . Диссертация қорытындалары дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u></p>	<p>Диссертацияның негізгі қағидаларының дәлелділігі зерттеу барысында алынған нәтижелердің талқыға түсуімен, сондай-ақ қорытынды жаңалықтарының әр деңгейлі ізденушінің жалпы тақырып аясында жарияланған ғылыми еңбектермен жарияланып расталған.</p> <p>Жұмыс тривиалды емес болып табылады. Себебі, заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында 1-2 сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың ғылыми-практикалық моделі әзірленген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың <u>қағидасы жаңа</u> болып табылады. Ізденуші зерттеуінің жаңалық дәрежесі төрт міндет бойынша алынған нәтижелер қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен дәлелденген.</p> <p>Жұмыстың қолданылу деңгейі <u>кең</u> деп танылады. Диссертациядағы барлық</p>

		<p>7.3. Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>қағидалар мен тұжырымдар талапқа сай қажетті басылымдарда жарияланған. Диссертация тақырыбына қатысты 12 мақала жарияланып, ұсынылған қағидаттары мен оқыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибеде және ғылыми мақалаларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар ғылыми тұрғыда негізделген. Әдістер <u>нақты жазылған</u> және тиімділігі дәлелденген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделген. Алынған зерттеу нәтижелері цифрлық технология арқылы сызба, кесте, диаграмма түрінде ұсынылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар эксперименталдық зерттеулермен расталады.</p>

		негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ <u>ішінара расталған</u> /расталмаған	Зерттеу жұмысындағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, атап айтқанда, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, отандық және шетелдік авторлардың педагогикалық, психологиялық әдебиеттері, сөздіктері, анықтамалықтар, оқуәдістемелік құралдарына, интернет ресурстар мен ғылыми басылымдардағы материалдарға сілтеме жасау арқылы <u>ішінара расталған</u> . Зерттеу мәселесі бойынша отандық ғалымдардың еңбектері жеткілікті түрде зерттелмеген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> .
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік ғалым, зерттеушілер еңбектерін талдауымен айқындалған және әрі қарай дамыта отыра кеңейтуге негізделген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді <u>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</u> . Себебі, заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың вариативті 34 сағаттық бағдарламасы әзірленген, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ;	Практикалық ұсыныстар <u>толығымен жаңа</u> .

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) <u>орташа</u> ; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертанттың академиялық жазу сапасы <u>орташа</u> деңгейде. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған.

Шешім:

Зерттеу жұмысының өзектілігі, әдіснамалық және әдістемелік деңгейі, жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы жағынан М.Э. Усенованың диссертациялық жұмысы 6D010500 – «Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Ескертулер мен ұсыныстар ретінде біз мыналарды ұсынамыз:


1. Ұсынылған модельде заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында әлеуметтік белсенділікті қалыптастырудың формалары мен әдістерін бөліп, ажырата қорсету керек.
2. Зерттеу жұмысының қорытынды бөліміне теориялық және әдістемелік ұсыныстарды қосқан жөн болар еді.

Аталған ескертулерге қарамастан, диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеу ретінде өзінің құндылығын жоғалтпайды, қорғауға кеңес беремін.

Шешім: Усенова Малика Эрмухамматовнаға 6D010500 – «Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің оқытушы-зерттеушісі, философия докторы (PhD)



А.Б. Дузелбаева

«15» 05 2023 ж.

